

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығының

4^Г курс топары

Қазақ әдебиеті тарихы пәнінен

Курс жұмысы

Тақырып: **Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі»
повесінің тақырыбы**

Қабылдаған:

Ғ.Мамбеткаримов

Дайындаған:

Ж.Серікбаева

НӨКІС - 2015

Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінің тақырыбы.

Жоспар:

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім.

А) «Шұғаның белгісі» - Бейімбет Майлиннің тұңғыш повесі.

Ә) «Шұғаның белгісі» реалистік шығарма.

Б) Повестегі жастар бейнесі.

III. Қорытынды.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Кіріспе.

Халықтың сүйікті жазушысы Бейімбет Майлин қазақ кеңес әдебиетінің іргесін қалап, қабырғасын көтерген маңдай алды жазушының бірі. Ол өзінің өшпес еңбектерімен қазақтың бүкіл ұлт мәдениетін көркейтуге әрдайым қызмет ете береді.

Бейімбет қазақ әдебиетінің барлық жанрында тыңнан жол салысқан жазушы. Бұл жолда заңды түрде ұшырасқан көптеген табиғи қиындық, қате, сәтсіздік бір ғана Бейімбетте емес, ол кездегі барлық жазушыларға тән болатын. Оның үстіне Бейімбеттің өз өмір жолына байланысты қосымша себептер талантты жазушының творчестволық өресін қысқартып, өрісін тарылтып келгенін білеміз. Ұзап оқи алмаған, шағын ғана білімі бар, көп өмірі тек ауыл шеңберінде еткен жазушы барлық тыңға тек байырғы талантымен ғана барды. Бейімбет творчествосындағы тақырып тапшылығы, кейбір жаңалықты оқиғаларды терең ұғына алмай, үстірт әңгіме, очерктер жазуы (1930-33 жылдары өндіріс тақырыбына жазылған кейбір прозалық шығармалары) суреткердің қаламына философиялық тереңдіктің жетісе бермеуі мұның бәрі жазушының өмірден алған білімнен әсерінің, дүние жүзі мәдениетінен алған азығы мен нәрінің көңілдегідей мол болмауынан ғой дейміз. Үлкен мәдениетті жазушыға қажет дайындықтың жеткілікті болмауына кінәлі Бейімбет емес, Бейімбет өскен орта, Бейімбет ержеткен тарихи-әлеуметтік жағдай. Сондықтан осы шағын біліммен де туған әдебиетіне мұншалық жаңалық ашқан Бейімбет талантының қуатына еріксіз тәнті боласың. Бейімбет творчествосы, жалпы алғанда, бүкіл қазақ әдебиетін барлық салада байытқан баға жетпес асыл қазына боп табылады.

Бейімбет (Бимағамбет Жармағамбет ұлы) Майлин жастай оқып, жүйелі білім, жөнді тәрбие алған кісі емес. Әкесі кедей шаруа екен. Бейімбеттің еңбектеп жүрген кезінде қайтыс болыпты. Бейімбет бұрынғы Торғай облысының Қостанай уезі, Дамбар болысы 8-ауылындағы Ақтобе деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданының Чапаев атындағы

бөлімінде) 1894 жылы туған. Әкеден ес білмей тұрғанда жетім қалған бала шеше қолында өседі. Жесір шеше кемтарлықтан байдың сауыншысы болып істесе, өзі сол байдың әуелі қозысын бағады, кейін делбешісі болып қызмет атқарады.

Оны арнайы оқытқан, адам болсын деген ешкім болған жоқ. Тек ана камқорлығымен және өзінің ынта, талабымен зирек бала ауыл молдасынан тиіп-қашып жүріп арабша хат таниды. Сонан кейін ол Тройцкіден келген Сатыбалдин деген татар мұғалімінен аздап оқып, білімге ықласы арта түседі. 1911 жылы Бейімбет Әбдірахман Арғынбаев дегеннің медресесіне түсіп, бір жылдай оқиды, 1913-1914 жылдары Майлин Тройцкідегі «Уазифа» медресесінде, оны бітіргеннен кейін Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқиды. Сол жылдары медресе шәкірттерінің әдеби үйірмесіне қатысып, өзі секілді талапкер жастармен бірге «Садақ» атты қолжазба журнал шығарысады. «Садақтың» әрі редакторы, әрі белсенді авторы болған Бейімбет осы журналдың 1914 жылғы үш санында бірдей өзінің тырнақ алды прозалық шығармасы «Шұғаның белгісі» повесін жариялайды. Бұл «Ғалия» шәкірттері мен ұстаздарының арасында туындыгердің атын шығарып, абыройын арттырып, талантын танытқан тамаша шығарма болатын.

Шындығында да «Шұғаның белгісі» повесі Бейімбет Майлиннің талантын танытқан бірден-бір туындысы. Біз өз жұмысымызда осы туындының тақырыбы мен идеясын қарастыруды мақсат еттік.

Негізгі бөлім.

«Шұғаның белгісі» - Бейімбет Майлиннің тұңғыш повесі

Төңкеріс қарсаңында қазақтың мәдени өмірінде осындай оқиға болды. Ол 1914 жылы Уфада, Медреседе шығатын «Садақ» деген қолжазба журналында Бейімбет Майлинның «Шұғаның белгісі» атты керемет повесінің жариялануы еді. «Керемет» деген бағаның ешбір қоспасы жоқ. Неге десеңіз, ол кезде, қазақ прозасы жаңа ғана бой көрсете бастаған жағдайда, мұндай терең және тартымды, мұндай кесек және көркем шығарманың белгісіз автордың қаламынан туып, әлде-қайда, әлдеқалай пайда болуы шыңымен керемет оқиға еді.

Сол тұста және оның бер жағындағы жарты ғасырға айналған мезгілдің ішінде «Шұғаның белгісін» оқыған адамның өмірі ешпес әеер алмағанын табу қиын шығар. Бұл екі арада қаншама жазушылар есті, қаншама шығармалар туды, әдебиетіміз қаншалықты адам танығысыз биік дәрежеге көтерілді. «Шұғаның белгісінен» кейін оны жазған автордың өз творчествосы қаншама өріс алып есті, жетілді. Алайда «Шұғаның белгісі» әлі күнге дейін ғажап әсер етуін қойған жоқ, әлі де ол жүрегімізді билеп, эстетикалық ләззәтқа бөлейді. Бейімбет кеңес жиырма жыл ішінде әдебиеттің барлық негізі жанрында құнарлы да құнды шығармалар берді, сөйтіп, қазақ кеңес әдебиетінің ірге тасын қаласып, қабырғасын көтеріскен маңдай алды жазушының бірі боп танылды.

Күтпеген жерде «Шұғаның белгісі» сықылды тамаша шығарма берген белгісіз жазушы кім еді? Ол жиырмаға жаңа шыққан бала жігіт, Медресе -Ғалияға. жаңада ғана түскен ересек оқушы, әдебиет есігін жаңада ғана ашқан жас ақын Бейімбет Майлин еді.

Бейімбет Майлинның творчестволық жолы да, қазақ кеңес әдебиетінде алатын орны да айрықша. Әрине, әңгіме оның барлық жанрда да жақсы шығармалар берген өте үлкен, талантты жазушы екенінде ғана емес. Қазақ кеңес әдебиетінің бастап негізін салысқан классик жазушы екенінде де емес. Бұлай деп. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит

Мұқанов туралы да айтуға болар еді ғой. Негізгі әңгіме Бейімбеттің өзіндік дарыны бар, өзіне ғана тән ерекшеліктері бар жазушы екендігінде. Біздің ендігі мақсат оның сол ерекшеліктерін анықтау болу керек. Бұл үшін біз бастапқы мәселеге оралуға тиістіміз. Ол - «Шұғаның белгісі» туралы мәселе. Жоғарыда айтқандай, «Шұғаның белгісі» ең алғаш қолжазба журналының бетінде 1914 жылы жарық көрді. Оның авторы ауылдан қалаға жаңа ғана келген ,қарапайым, кедей, жас жігіт. Ол өзінің даңқты повестін жа-риялаудың алдында да, соңынан да жүздеген өлеңдер жазған ақын екені белгілі.

«Шұғаның белгісі»- реалистік шығарма.

«Шұғаның белгісі» - қазақ, әдебиетіндегі алғашқы алға басар шығармалардың бірі әрі реалистік жазба прозаның тұңғыш еркені. «Шұғаның белгісінде» бұл тақырыпқа бұрын соңды жазылған ұқсас шығармалардың бәрінен бір үлкен айырма бар. Ол мұның терең реалистік сипаты. Мұнда сыртқы көріністермен және ішікі қайшылықтарымен тұтас алынған өмір шындығы өзінің барлық ақиқат, растығы мен көркем суреттелген. Бұл шығарманың бойынан орыс, француз әдебиетінде ірге төнкен реалистік прозаға тән көп қасиет, сипаттар табылады. Ол о'браздарының айқын типтілігі, оқиға желісінің ширақы, табиғат суреті мен портрет кескіні сараң болса да саз берілетіндігі, адамның психологиялық дүниесі терең де нәзік бейнеленетіндігі, диалогтарының драмалық дәлдігі, тілінің балдай қою, сағыздай орамдылығы, сөйлемдерінің әкелте де болса ойлы және кестелілігі.

Шынында да көлемі шағын қысқа ғана шығармада қаншама дүние айтылған. Айтылған емес-ау суреттелген.

Әңгіме оқушысын салған жерден жұла жөнеледі. Себебі салған жерден оқиға желісі мен табиғат суреті қабат ібасталып, өрімдей өріле бастайды.

«Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Ұшпалы сұр бұлттар көшікен керуен сықылды тіркесіп оңтүстікке қарай жылысып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып жылы шырайлы нұрын шаша бастады. Әйткенмен солдан соққан жел өзінің өткірлігі мен жұқа жиімнен ызғарын өткізіп, тондырып, сентябрь айының жеткендігін еріксіз ойлатарлық еді».

Өзі қысқа, өзі әдемі салынған осы бір дөңгелек суреттен оқиғаның басталу жағдайы, мезгілі, күйі өте нақты, әсерлі берілгенін сезінесіз. Содан кейін: «Жолдасым Отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам. Сиректеу сақал-мұрты бар; қара бұжыр. Күлімсіреп дөңгеленіп тұрған қара көзді. Пішініне қарағанда бір түрлі сөйлемпаз адам секілді»,

деген сараң, бірақ бір-екі нышанмен әдемі кескіндеген портреттен әңгімешіл адамның бейнесін түп-тура көз алдыңызға келтіресіз.

Осыған жалғаса берілген көшіпелі ауылдың күздегі жұртының айнымаған реалистік суретінен де көшпелі елдің тұрмысын, ауасын, тарихи жай-жағдайын жан-тәніңмен сезінесің. Барлық әңгіме жұртіншілердің жолындағы Шұғаның белгісі делінетін обашықтан шығады. Обашықтың аты неге бұлай қойылған деген сұраққа баяғы «Сиректеу сақал-мұрты бар қара бұжыр кісі:

- Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой, уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... Ой шіркін, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау», - деп Шұғаның қайғылы тарихын баяндайды...

Әңгімеге өстіп кірісудің өзі оқушыны қызықтырып, ынтықтырып оқиға тереңіне тарта жөнеледі. Осыған дейінгі кіріспе автордың өз сөзімен айтылып келсе, ендігі жердегі оқиғаның негізгі сүрлеуі, оның әңгімеші жолдасының сөзімен баяндалып, ауызша әңгіме түрінде өзінің барлық табиғи ерекшеліктерін сақтаған. Ауызша әңгімелердің барлық ырғағы, жанды интонациясы образ бен сурет жасау үшін де, эмоциялық әсер тудыру үшін де орынды қызмет еткен.

«Шұға десе Шұға, ой шірікіннің өзі де келбетті еді-ау... Аққұба, талдырмаш, көзі қап-қара... Осы үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі паң еді-ау, шіркін».

Егер жазушы шығарманың негізгі қаһарманы Шұғаны өз сөзімен сипаттаса, оның сипаттамасы, бұдан өзгереді машықпен айтылған болар еді. Ал, енді сөзді автор әңгімеші геройының аузына салғандықтан, «Өй», «ау», «шіркін», деген одағайлар бірігіп, сипаттамаға жанды эмоциялық бояу қосып тұр.

«Шұғаның белгісі» бастан-аяқ осындай әсерлі, сырлы бейнелерге толы. Оның әрбір жолынан, әрбір сөзінен лирикалық жылы жүрек лебі есіп тұрғандай. Көлемі шағын шығарма болса да, мұнда бірнеше адамның обра-

зы айқын көзге түседі. Әрине, оның ішінде әсіресе жарқын шыққан Шұға мен Әбдірахманның образдары.

Жаны таза, ақ пейіл, тек қана жүрегінің әмірін орындайтын берік, дүниеде бір-ақ адамды сүйетін, сүйсе қалтқысыз сүйетін дарқан қыз Шұға шын сүйгенін тапқанша ешбір жігітке рай бермейді, бай деп, мырза деп ешкімге мойын бұрмайды. Жүрегі жаратқан Әбдірахманға кездескенде, ол жігіттің кедейлігіне, жұрттың ойы «дінсіз, кәпір» дегеніне қарамай, жан-тәнімен қалай ғашық болады. Әділетсіз қоғамның оған жасаған бөгеті мен кедергісі, таңған өсек-аяңы қайсар жанды ұстаған бетінен қайтара алмайды. Ол өлер алдында Әбдірахманға өлеңмен хат жазып, тәні сынғанмен, жаны сынбағанын айтып кетеді.

Жолыңа құрбан қып ем жан мен тәнді,

Дариға, айтылған серт болмай қалды.

Кере алмай ақтық минут дидарыңды,

Арманда жан тапсырған мен бір зарлы.

Әбдірахман кедей баласы, жасынан байдың қозысын, бұзауын бағып өскен. Тек өзінің пысықтығымен, зеректігімен ғана жұлып-шалып оқыған талапкер жігіт. Ол тілмаш болудан да, писарь болудан да бас тартып, мұғалім болады, қараңғылықпен күреседі, қалың бұхараның қамын жейді. Сол үшін де Шұғаның әкесі Есімбек бай мен ауыл ақсақалы Қажыбайлар оны жақтырмайды, өсектейді. Әбдірахман образына жазушы бірсыпыра өз өмірінің кейбір кезеңдеріне ұқсас дәйектер қосқаны байқалады.

Әбдірахманның Шұғаға өлеңмен жазған хаты оның ұнамды образына көрікті поэзиялық сыр-сипат қосып тұрғандай.

Минут, сағат, күндік, айлық жол емес,

Тілейтінім, жүдейтінім ол емес.

Көрсө қызар, антын бұзар қылжақбас,

Тұрлауы жоқ әсіре қызыл мен емес.

Осы бір ауыз өлеңнің өзінде Әбдірахманның рухани қасиеттері түйілген.

Ал енді Бейімбет өзінің сүйікті образдарын қаншама ұнамды, сүйкімді етіп бейнелегенмен, тарихи шындықтың шеңберінен шығып кетпеуге тырысады, реалистік Мөлшерден аспайды. Сондықтан ол кейіпкерлерінің кейбір кемшіліктерін де аңғартады. Мысалы, ауырып жатқан Шұғаның сөзінен Әбдірахманның мынадай бір осалдығы байқалады: «Өлем деп арман қылмаймын. Жалғыз-ақ арманым бар — түнеугі көргенде Әбдірахман бір ауыз сөз айта білмеді».

Басты кейіпкерлердің қатарына өзінің ұнамды қасиеттерімен көрінген образдың бірі - Шұға тарихын әңгімелеуші әлгі «сиректеу сақал-мұрты бар, қара бұжыр» кісі. Осы Есімбек байдың малайы Базарбай деген жас жігіттің ағасы, Әбдірахманның құрдас жолдасы, Есімбектің Зәйкүл деген тоқалының көңілдес жігіті. Ол Зәйкүлден гөрі Шұғаның қайғысын қаттырақ тартады және Әбдірахман алдында өзінің достық борышын мүлтіксіз орындайды. Бұл образ арқылы жазушы махаббатпен қатар шын достық сезімін қастерлеген.

Повестегі жастар бейнесі.

«Шұға»- феодалдық неке дүзімінің құрбаны, адал махаббатты аңсаған, бірақ, феодалдық неке дүзімінің кесірінен аңсаған арманына жете алмаған, қара түнек феодалдық қоғамдағы сансыздаған қазақ қыздарының уәкілі. Шығармада суреттелуінше, ол төрт түлігі сай байдың қызы. Алайда, феодал әкесі қызының неке бостандығына қол сұғып, жастай бақытын байлайды. Сөйтіп жүргенде Шұға Әбдірахманмен көңіл қосып махаббаттасады. Әрі кедей әрі мал-дүниесі жоқ, жаңаша оқыған Әбдірахманның әкесі жаратпайды. Сонымен елдегі феодал күштер астаса отырып, Әбдірахман үстінен жалған жапа жауып, болысқа арыз беріп ұстатады. Бұны білген Шұға қайғы мен құсадан ауыруға душар болады. Ең соңында күйік пен ауыр құсадан ауыруы асқынып, аңсаған арманына жете алмай, адал махаббат жолында аянышпен өледі. Феодаалдық неке дүзімі феодалдық салт-сана мен әдет-дәстүр оның жанын жалмап, қыршынынан қияды. Міне сол үшін ол «менге» «тәуір емеспін... тәуір болуды тілемеймін... әкем аяса менің дертім жаным батқаннан кейін аяп отыр. Ертең сауықсам қайта күйсеуден тайынбайды...» деп мұң шағады. Бұл сөздер Шұғаның феодалдық неке дүзіміне деген ашты қарғысы, ашуы мен кегі болып табылады. Ол осы сөздері арқылы қараңғы қазақ сахарасындағы феодал күштердің тоңмойындығы мен қатігездігін, феодалдық қоғамда жастардың нағыз бақытқа жете алмайтындығын бейнелеп көрсетеді. Оның осындай қоғамдық дүзім тұсында арманына жетіп, өз теңіне қосыла алуы шындығында мүмкін емес еді. Сондықтан да ол:

Хош, сау бол, ойнап күліп жолығармыз, Астында ақ туының пайғамбардың» деп қара түнек қоғамға нәлет айтады да, ондай өмірден өлімді абзал көреді. Әбдірахман—сол тұстағы алғабасар зиялылардың уәкілі, әділет пен махаббат еркіндігі жолында көресіп, феодалдық неке дүзіміне қарсы тұрушы. Әкімге тілмаш, болысқа хатшы болудан қазақ балаларының көздерін ашып, оларды өнер мен білімге бастауды артық санаған арманы үлкен, әділет сүйгіш азамат. Шығармада суреттелуінше, ол бай үйінде малай

болып жүргенінде сауатын ашып, өсейе келе көзі ашылып, зиялы болады. Алайда, елдегі феодал күштер оның алғабасар идеясын жақтырмайды. Оның сыртынан сан алуан өсектер ергізіп, көздеріне қадалған тікендей көреді. Ол байдың қызы Шұғамен махаббаттасып, достасады. Бірақ, малы жоқ кедей оған Есімбек қызын қайдан бере қойсын! Көп ұзамай елдегі феодал күштер өзара астасып, оны қамауға алдырады да, жалған жала мен өтірік пәле жауып, қара басына қастандық етеді. Сүйген жары Шұғадан еріксіз айырады. Феодалдық неке дүзімі оны да арманына жеткізбейді.

Мен (Қасымжан) көпке қайырымды досына адал, еркөңілді ауыл жастарының образы, ақкөңіл ашық жарқын әңгімешіл адам, шығармада баяндалатын тұтас оқиғаның күәгері. Автор шығармасында оқиғаны оның аузымен аузымен баяндап оқиға желісін сол арқылы құрады. Сондықтанда бұл кейіпкер оқиғаны баяндап, оны әңгімелеуде автордың бірден-бір қол қанаты ретінде роль ойнайды.

Айнабай- атакқұмар, алаяқ, пәлекор адам, ел арасына іріткі салушы қараниет жалақорлардың типі. Бұл кейіпкер образы арқылы автор «шектен шыққан өзімшілдіктің түрі басқаларға қастық сайлауға апаратындығын аңғартады».

Қортынды.

Қорыта айтқанда Бейімбет Майлинның «Шұғаның белгісі» повестінің өз тұсындағы қазақ прозасының қай-қайсысынан да ала бөтен озық, төбесі биік шығарма екенін тағы айтуымыз керек. Мұның «Қамар сұлу», «Қалың мал» шығармаларына тек тақырып ұқсастығы ғана бар. Басқа жөнінде, әсіресе көркемдігі жөнінде, «Шұғаның белгісі» үздік те өзгеше шығарма.

Осы күнге дейін Бейімбет аты аталса ең алдымен «Шұғаның белгісін» еске аламыз. Рас, «Шұғаның белгісі» поэзия мен лирикаға толы шебер жазылған шығарма.

Ал енді өз тұсында қазақ әдебиетінің үлкен оқиға, ірі құбылысы боп табылған, осы күнге дейін өзінің көркемдік шеберлігіне таң-тамаша қалдыратын «Шұғаның белгісінде» кемшіліктер де жоқ емес. Ол біздің сол кездегі бұхарашыл жазушыларымыздың дүние тану тұрғысына тән табиғи, заңды кемшіліктер. Бұхарашыл жазушылар Октябрь төңкерілісіне шейін әлеуметтік шындық арқылы өзгереді де, өңделеді деген ұғымға жете алмағаны мәлім. Сондықтан олар әлеуметтік, таптық қайшылықтар мен күрестерді батыл, айқын көрсетуге бара алмады.

«Шұғаның белгісі» повесін Бейімбет жасы жиырмаға толар-толмаста «Садақ» атты қолжазба журналда жариялайды. Соған қарамастан, бұл шығарма күні бүгінге дейін қазақ прозасында айтулы үлгілерінің бірі болып қалып отыр. Егер ол кез- 1914-1915 жылдары - қазақ прозасының жаңа ғана бой көтере бастаған балаң шағы екенін ескерсек, онда мұндай ғажайып туындыны қолына жаңа қалам ұстаған шәкірт талапкердің дүниеге әкелуі танымдық тұрғыдан да ерекше қызық құбылыс. Хикаятта ескі қазақ қоғамындағы кезекті мәселе - әйел теңсіздігі, бірін-бірі сүйген жастардың махаббат бостандығы әңгіме болады. Әлеуметтік теңсіздік кедергі болып, армандарына жете алмаған байдың қызы - аяулы Шұға сұлу мен кедейден шыққан мақтаулы, оқыған жігіт Әбдірахманның қайғылы тағдыры суреттелген. Есімбек бай қызын кедей жігітке бергісі келмей, олардың жолығысуына тыйым салады. Онымен де тынбай, өтірік жала жауып,

Әбдірахманды айдатып жібереді. Осындай қатыгез зорлықтан ішқұса болған нәзік жанды Шұға айықпас дертке шалдығып қайтыс болады. Айдаудан босатылған Әбдірахман сүйікті ғашығы Шұғасына асығып жеткенде, қайран арудың қазасының үстінен шығып, бордай егіледі, өзіне қалдырған хатын оқып, көзжасын көл етеді...

Осы қысқа қайырымды оқиға сүйіскен жастар бостандығын қолдап, оған ерік бермейтін ескілікті сынайтын, ғасырға жуық уақыт бойы оқырмандарын тамсандырумен келе жатқан сұлу да сырлы, әсем де әсерлі хикаятқа қалай айналған десеңізші!

Хикаят күзгі табиғаттың әсем суретінен басталады: «Біз елден шыққанда күн де сәскелікке жақындап еді. Ұшпалысу бұлттар кешкен керуен сықылды тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашықда шығыш, жылы шырайлы нұрын шаша бастады». Баяндаудың осы бір жайма шуақ әуені әсерлі әңгіменің нышанындай сезіледі.

Тезис.

Менің курстық жұмысымның тақырыбы Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі.

Бейімбет қазақ әдебиетінің барлық жанрында тыңнан жол салысқан жазушы.

Жоғарыда айтқандай, «Шұғаның белгісі» ең алғаш қолжазба журналының бетінде 1914 жылы жарық көрді. Оның авторы ауылдан қалаға жаңа ғана келген ,қарапайым, кедей, жас жігіт.Ол өзінің даңқты повестін жариялаудың алдында да, соңынан да жүздеген өлеңдер жазған ақын екені белгілі.

Мен бұл тақырыпты жазуда Қирабаев С. «Қазіргі қазақ әдебиеті», Өмірхан Әбдираманұлы. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті, Кәрібаева Б. «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары » еңбектерінен пайдаландым.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Бес ғасыр жырлайды. 1989.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. I-II кітап.
3. Өмірхан Әбдираманұлы. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақ университеті, 2002
4. Дәдебаев Ж «Қазіргі қазақ әдебиеті» Алматы 2001-жыл
5. Қирабаев С. «Қазіргі қазақ әдебиеті» Алматы 1998-жыл
6. Бердібаев Г «Бес жылдық шығармалар жинағы» Алматы 2005-жыл
7. Кәрібаева Б. «Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары » Астана 2001-жыл

Мазмұны

Кіріспе	2
Негізгі бөлім	
А) «Шұғаның белгісі» - Бейімбет Майлиннің тұңғыш повесі	4
Ә) «Шұғаның белгісі» реалистік шығарма.....	6
Б) Повестегі жастар бейнесі.....	10
ІІІ. Қорытынды	12
ІV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	15